

Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 13/3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 25 сәуірде № 5094 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 6 тамыздағы № 436/55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 06.08.2020 № 436/55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңының 10-бабына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Екібастұз қаласы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің қосымша тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Екібастұз қалалық мәслихатының (IV шақырылған XV кезектен тыс сессиясы) 2009 жылғы 17 наурыздағы "Бейбіт жиналыстар, митингтер, пикеттер өткізу үшін тәртібі мен орнын қосымша реттеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемелекеттік тіркеу тізілімінде № 12-3-228 болып тіркелген, 2009 жылғы 7 мамырдағы "Отарқа" газетінде, 2009 жылғы 7 мамырдағы "Голос Экибастуз" газетінде жарияланған) № 159/15 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Екібастұз қалалық мәслихатының азаматтардың құқықтарын және занды мұдделерін қамтамасыз ету жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,

қалалық мәслихат хатшысы

Б. Құспеков

2016 жылғы 12 сәуірдегі

Екібастұз қалалық

мәслихатының (VI шақырылған
кезекті III сессиясы)

Екібастұз қаласы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуудің қосымша тәртібі

1. Екібастұз қаласы аумағында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуудің қосымша тәртібі Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар үйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Заңына сәйкес әзірленді.

2. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу үшін Екібастұз қаласы әкімінің аппаратына өтініш беріледі.

3. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған азаматтарының жеке топтарының уәкілдері береді.

4. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш, оны өткізуудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда беріледі. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысуышылдардың ықтимал саны, уәкілдердің (үйымдастырушылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (окитын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі Екібастұз қаласы әкімінің аппаратында тіркелген күнінен бастап есептеледі.

5. Екібастұз қаласы әкімінің аппараты өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге (үйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізу туралы өтініш беру барысында осы Қосымша тәртіптің 4-тармағының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Екібастұз қаласы әкімінің аппараты осы бұзушылықтарды жаңа өтініш берген кезде жою туралы ресми ұсыныс береді. Жаңа өтінішті қарау мерзімі өтініш түскен сәттен бастап саналады.

7. Екібастұз қаласы әкімінің аппараты басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, өзге де инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен

шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізуудің өзге уақыты мен жерін ұсынады.

8. Егер, Екібастұз қаласы әкімі аппаратының митинг, жиналыс, шеру, пикет және демонстрациялардан бас тартатын болса, немесе оны өткізуғе тыйым салынатыны туралы шешім шықса, онда үйымдастыруышылар тез арада барлық дайындық жұмыстарының күшін жою бойынша шаралар қабылдалап және осы туралы ықтимал қатысушыларды міндettі түрде хабарландыру қажет.

9. Екібастұз қаласы аумағында митингілер, жиналыстар мен пикеттерді еткізетін орындар болып келесі орындар белгіленсін:

1) Екібастұз қаласы, Шешембеков көшесі бойынша орналасқан "Шахтер" мәдениет және демалыс саябағы;

2) Екібастұз қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі бойынша орналасқан интернационалист – жауынгерлер гүлзары.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 08.10.2019 № 380/48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Екібастұз қаласы аумағында шерулер мен демонстрацияларды өткізу үшін келесі бағыттар белгіленсін:

1) Екібастұз қаласы, Мәшінүр Жұсіп көшесі бойынша, С. Торайғыров көшесінен Мұхтар Әуезов көшесіне дейін;

2) Екібастұз қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі бойынша, Естай Беркимбаев көшесінен Энергетиктер көшесіне дейін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 08.10.2019 № 380/48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сейлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

12. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (үйымдастыруышылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтауға міндettі.

13. Шараларды үйымдастыруышылары мен қатысушыларына тыйым салынатын іс-шаралар:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді мекенниң инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) Екібастұз қаласы әкімі аппаратымен келісілмей киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыштар тұрғызыуна;

4) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

5) өзімен бірге сұық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтардың және занды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

6) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

7) алкогольдік және есірткілік масандық құйде қатысуына.

14. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрацияларды өткізу орындарында алкогольді ішімдіктерді ішуге, есірткілік құралдарды, психотроптық заттарды және олардың аналогтары мен прекурсорларын қолдануға; транспаранттарды, ұрандарды және басқа да материалдарды (көрнекті, аудио және видео) пайдалануға; құрамында қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға үндейтін, сондай-ақ кімнің болса да атына тіл тигізетін сөздері бар мағынада көпшілік алдында сөйлеуге тыйым салынады.

15. Пicketтер белгіленген кезендерде және өтініште көрсетілген нақты орнында міндетеріне сәйкес жүргізілуі тиіс.

16. Пикеттеу кезінде рұқсат етіледі:

1) пикеттірліген объектіде тұру, отыру;

2) көрнекті үгіт құралдарын пайдалану;

3) пикет тақырыбына байланысты қысқа ұрандар айту.

17. Пикетті өзге нысанға (митинг, жиналыс, шеру, демонстрацияға) өзгертуken жағдайда белгіленген тәртіппен Екібастұз қаласы әкімі аппаратынан рұқсат алу қажет.

Екібастұз қаласы әкімі аппараты бір күнде, бір уақытта және бір орында үшеуден аспайтын жеке дара пикетті өткізуге рұқсат беруі мүмкін.

Тұрлі жеке дара пикеттерге қатысушылар бір-бірінен 50 метрден кем емес қашықтықта орналасуы немесе бір-біріне айқын көрініп тұруы қажет.

18. Егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізуудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылышын құш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституациясының, зандары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа да қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, Екібастұз қаласы әкімі аппараты оларды өткізуге тыйым салады.

19. Қорғаныс қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен),

денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында бұқаралық шараларды өткізуге тыйым салынады.

20. Егер өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, оларды өткізу тәртібі бұзылса, сондай-ақ азаматтарындың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Екібастұз қаласы әкімі аппараты өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуға тиіс.

21. Екібастұз қаласы әкімі аппараты өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

22. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды үйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

23. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысуышылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін заңда белгіленген тәртіп бойынша өтем жасалуға тиіс.

24. Жиналыс, митинг, шеру, пикет, демонстрация өткізілетін жерде барлық туындаған қосымша шығындарды, оның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтау, Үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және радиоландыру жөніндегі олардың үйымдастыруышыларымен өтеледі.